

Автотұрақтар (паркингтер) үшін бөлінген Сәтбаев қаласының жерлеріне салықты есептеу үшін базалық ставканы ұлғайту мақсатында автотұрақтардың (паркингтердің) санаттарын бекіту туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Сәтбаев қаласы мәслихатының 2012 жылғы 21 ақпандағы N 25 шешімі. Қарағанды облысы Сәтбаев қаласының Әділет басқармасында 2012 жылғы 15 наурызда N 8-6-137 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Сәтбаев қалалық мәслихатының 2018 жылғы 18 сәуірдегі N 265 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Сәтбаев қалалық мәслихатының 18.04.2018 N 265 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексіне және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес қалалық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Автотұрақтар (паркингтер) үшін бөлінген Сәтбаев қаласының жерлеріне салықты есептеу үшін базалық ставканы ұлғайту мөлшері және автотұрақтардың (паркингтердің) санаттары қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. "Жер салығының базалық мөлшері туралы" Сәтбаев қалалық мәслихатының 2001 жылғы 23 тамыздағы IX сессиясының N 106 шешімінің (2001 жылғы 1 қазанда Қарағанды облысының Әділет басқармасында 441 нөмірімен тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

Ескерту. Сәтбаев қалалық мәслихатының 2001.08.23 IX сессиясының N 106 шешімі РҚАО-ға түскен жоқ.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау экономикалық реформа, бюджет, коммуналдық шаруашылық және кәсіпкерлікті қолдау мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияға (төрағасы Цой Владимир Леонидович) жүктелсін.

4. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы,

қалалық мәслихат хатшысы

Келісілді:

Сәтбаев қаласы бойынша

салық басқармасы бастығының орынбасары

С. Имамбай

Е. Қатжанов

Автотұрақтар (паркингтер) үшін бөлінген Сәтбаев қаласының жерлеріне салықты есептеу үшін ұлғайтылған базалық ставканы ескерумен автотұрақтардың (паркингтердің) санаттары

Рет N	Автотұрақтардың (паркингтің) типтері	Автотұрақтардың (паркингтің) санаты	Тұрғын үй қоры, соның ішінде оның іргесіндегі құрылыстар мен ғимараттар алып жатқан жерлерді қоспағанда, Сәтбаев қаласының жерлеріне бір шаршы метр үшін салынатын базалық салық ставкасы (теңге)	Базалық ставканың ұлғайту мөлшері	Ұлғайту мөлшерін есепке ала отырып (теңге) , автотұрақтар (паркингтер) үшін бөлінген Сәтбаев қаласының жерлеріне базалық салық ставкасы
1.	Жер үсті жабық түрдегі автотұрақтар, ашық түрдегі автотұрақтар	1	8,20	10	82,0
2.	Басқа мақсаттағы ғимараттарға қосылып салынған автотұрақтар , басқа мақсаттағы ғимараттарға жапсарлас салынған автотұрақтар	2	8,20	9	73,8
3.	Ғимараттар астында жер асты шығыңқы ірге немесе жер үстіндегі, төменгі қабаттарында, жертөлелерде орналасқан автотұрақтар	3	8,20	8	65,8